

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық
инвестициялық корпорациясы» АҚ**

2014 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлар есебі	
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп	5
Қаржылық жағдай туралы есеп	6
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	7
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	8
Қаржылық есептілікке ескертпелер	10-36



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Біз 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан былай, «Компания») ұсынылып отырған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Қаржылық есептілікті дайындауда Компания басшылығының жауапкершілігі

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бұл қаржылық есептілікті дайындауға және әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса басшылықтың алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргіздік. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлай орындауымыз тиіс.

Аудитке қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел*алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ кәсіпорынның ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз кәсіпорынның қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне байланысты. Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, басшылықтың бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.

Біздің пікірімізше, алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті, әрі тиісті болады.

Пікір

Пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Өзге мәліметтер

Компанияның 2013 жылдың 31 желтоқсанында және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігін өзінің 2014 жылдың 3 наурызында берген есебінде аталмыш қаржылық есептілік жөнінде модификацияланбаған пікірін білдірген басқа аудитор өткізген болатын.



Ким Е.В.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитору
2011 жылдың 8 тамызында берілген
№ МФ-000042 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында
аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия



Нигай А.Н.
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры

2015 жылдың 5 наурызы

*«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ
2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған пайда немесе залал
және басқа жиынтық табыс туралы есеп*

	Ескерту	2014 жыл мың тенге	2013 жыл мың тенге
Қызметтерді көрсетуден түскен кіріс	4	644,975	161,412
Операциялық шығыстар	5	(673,995)	(376,355)
Пайыздық кірістер	6	44,011	44,603
Басқа шығыстар		(1,101)	(1,346)
Табыс салығын шегеруге дейінгі пайда (шығын)		13,890	(171,686)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	7	24,837	11,845
Бір жыл ішіндегі пайда (шығын)		38,727	(159,841)
Табыс салығы шегерілгендегі басқа жиынтық кіріс (шығын)			
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв:			
- әділ бағаның таза өзгеруі		3,083	(4,108)
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>			
		3,083	(4,108)
Табыс салығын шегергенде бір жыл ішіндегі басқа жиынтық кіріс (шығын)		3,083	(4,108)
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс (шығын)		41,810	(163,949)

5-беттен 36-бетке дейінгі беттерде ұсынылған қаржылық есептілікті 2015 жылғы 5 наурызда басшылық мақұлдаған және оның атынан қол қойылған:


Б.М. Өтемурат
Басқарма төрағасы




К.Н. Кишибаева
Бас бухгалтер

*«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ
2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есеп*

	Ескерту	2014 жыл мың теңге	2013 жыл мың теңге
АКТИВТЕР			
ҚРҰБ-дағы ақша қаражаты		39,039,492	57,516
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	8	710,988	707,916
«Кері РЕПО» келісімдері бойынша дебиторлық қарыз	9	120,411	-
ҚРҰБ-дан қысқа мерзімді дебиторлық қарыз		152,690	85,341
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер		9,754	5,579
Кейінге қалдырылған салық активі	7	31,847	12,206
Басқа активтер		9,643	2,585
Барлық активтер		40,074,825	871,143
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Басқа міндеттемелер	10	212,319	71,231
Барлық міндеттемелер		212,319	71,231
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	40,000,000	1,000,000
Қосымша ақы төленген капитал		43,732	22,948
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		4,685	1,602
Жинақталған шығындар		(185,911)	(224,638)
Барлық капитал		39,862,506	799,912
Барлық міндеттемелер мен капитал		40,074,825	871,143

Қаржылық жағдай туралы есеп осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын оның ескертпелерімен бірге қаралуы тиіс.

мың теңге	Акцияонерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған шығын	Барлық капитал
2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	1,000,000	4,354	5,710	(64,797)	945,267
Жалпы жиынтық шығын	-	-	-	(159,841)	(159,841)
Бір жыл ішіндегі шығын	-	-	-	-	-
Басқа жиынтық шығын	-	-	-	-	-
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейін жіктелуі мүмкін баптар:</i>	-	-	(4,108)	-	(4,108)
Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің әділ бағасының таза өзгеруі	-	-	(4,108)	-	(4,108)
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейін жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>	-	-	(4,108)	-	(4,108)
Барлық басқа жиынтық кіріс	-	-	(4,108)	-	(4,108)
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық шығын	-	-	(4,108)	(159,841)	(163,949)
Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар	-	18,594	-	-	18,594
Өтеусіз алынған қызметтер мен мүлік	-	18,594	-	-	18,594
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	-	18,594	-	-	18,594
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	1,000,000	22,948	1,602	(224,638)	799,912

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын оның ескертпелерімен бірге қаралуы тиіс.

мың теңге	Акциянерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған шығын	Барлық капитал
2014 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша қалдық	1,000,000	22,948	1,602	(224,638)	799,912
Жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	38,727	38,727
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-
Басқа жиынтық кіріс	-	-	-	-	-
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейін жіктелуі мүмкін баптар:</i>					
Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің әділ бағасының таза өзгеруі	-	-	3,083	-	3,083
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейін жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>					
Барлық басқа жиынтық кіріс	-	-	3,083	-	3,083
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	-	3,083	-	3,083
Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар	39,000,000	-	-	-	39,000,000
Акциялардың шығарылуы	-	20,784	-	-	20,784
Өтеусіз алынған қызметтер мен мүлік	39,000,000	20,784	-	-	39,020,784
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	40,000,000	43,732	4,685	(185,911)	39,862,506
2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық					

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын оның ескертпелерімен бірге қаралуы тиіс.

1 Жалпы ережелер

(а) Ұйымдық құрылымы және қызметі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылған, мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2012 жылғы 23 маусымдағы № 798-1910-06-АҚ.

Компания қызметінің негізгі түрлері ҚР Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Ұлттық Банкінің (бұдан әрі, «ҚРҰБ») алтын-валюта активтерін, зейнетақы активтерін және басқа да активтерді ҚР Заңнамасымен белгіленген тәртіпте сенімгерлік басқару бойынша қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Компания ҚРҰБ берген, инвестициялық қоржынды басқару бойынша қызметпен айналысуға арналған 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 4.1.4.110 мемлекеттік лицензияның негізінде құнды қағаздар нарығында қызметін жүзеге асырады.

Компания Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181-үй мекенжайы бойынша тіркелген.

Компанияның жалғыз акционері ҚРҰБ болып табылады (бұдан әрі, «Бас Компания»). Қаражаттың көп бөлігі Бас Компаниядан тартылған. Компания Бас Компанияға экономикалық тәуелді. Осыған қосымша, Компанияның қызметі Бас Компанияның талаптарымен тығыз байланысты. Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар 16-ескертуде анағұрлым толық ашылған.

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компания өз қызметін негізінен Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының нәтижесінде, Компания дамушы нарықтарға тән сипатты ерекшеліктерді көрсететін Қазақстан нарығындағы экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік құқықтық база және салық заңнамасы жетілдірілуде, бірақ әр түрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол береді және құқықтық және фискалды жүйелердің басқа кемшіліктерімен бірге Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Қоса берілген қаржылық есептілік басшылықтың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қазіргі жағдайларының Компания қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына әсер ету мүмкіндігін бағалауын көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының кейінгі дамуы басшылықтың бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

(а) Қолданылатын стандарттар

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі, «ҚЕХС») сәйкес дайындалған.

(б) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Қаржылық есептілік әділ баға бойынша көрсетілген, сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін санамағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған.

2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары, жалғасы

(в) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Компания жүргізетін көптеген операциялардың және олармен байланысты қызметке ықпал ететін жағдайлардың экономикалық мәнін жақсы көрсететін қазақстандық теңге болып табылады.

Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңгеге дейін дәлдікпен дөңгелетілген.

(г) Бағалаулар мен талқылауларды пайдалану

ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықты есептік саясатты қолдануға және қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кіріс пен шығыстың көлеміне әсер ететін талқылауларды, есептік бағалау мен жорамалдарды жасауға міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қаралған есептік кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Бұдан әрі аталған Ескертулер есептік саясат ережелерін қолдану кезінде белгісіз едәуір бағалаулар мен сыни уәжделген пайымдауларға қатысты ақпарат болып табылады:

- табыс салығы бойынша үнемдеу – 7-ескерту;
- қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны – 17-ескерту.

(д) Есептік саясатты және ұсынылған мәліметтерді өзгерту

Компания алғаш қолдану күні 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап стандарттарға кез келген кейінгі түзетулерді қоса алғанда, 32 ҚЕХС-ке (IAS) келесі түзетулерді қабылдады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін өзара есепке алу

«Қаржы құралдары: ақпарат ұсыну» – «Қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу» (IAS) 32 ҚЕХС түзетулер қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алудың жаңа қағидаларын енгізбейді, олардың қолданылуындағы сәйкессіздіктерді жою мақсатында өзара есепке алу критерийлерін түсіндіруді қамтиды. Егер осы құқық болашақ оқиғаларға тәуелді болмаса, сондай-ақ ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында да және міндеттемелер орындалмаған (дефолт), кәсіпорынның және оның барлық контрагенттерінің төлем қабілетсіздігі немесе банкротқа ұшырауы жағдайында да жарамды болып табылса, түзетулер кәсіпорынның қазіргі уақытта өзара есепке алуды жүргізудің заңды қолданыстағы құқығы бар екенін анықтайды.

Компания осы түзетулер қаржылық есептілікке едәуір әсер етпейді деп санайды, себебі Компания қаржылық жағдай туралы есепте нетто-негізде қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді ұсынбайды.

